

**"ТҰҒЫР" біліктілікті  
арттыру орталығы**

**"Центр повышения  
квалификации "ТҰҒЫР"**

**«Орта білім беру ұйымдарында баланы жәбірлеудің (буллингтің)  
профилактикасы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру»**

**педагогтерге арналған біліктілікті арттыру курсының  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Сағат саны: 80 ақ.сағ., 72 ақ.сағ. және 40 ақ.сағ.**

**Қордай 2026**

## 1. Жалпы ережелер

«Орта білім беру ұйымдарында баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру» педагогтердің біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) орта білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, буллингтің алдын алу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруға және мектепте психологиялық қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығымен бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына» сәйкес әзірленді және құрылымы аталған Қағидалардың талаптарына толық сәйкес келеді.

Бағдарламаны әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығымен бекітілген «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидалары», сондай-ақ осы қағидаларға енгізілген өзгерістер, инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі нормативтік құқықтық актілер және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарламалық құжаттар негізге алынды.

Қазіргі кезеңде білім беру ұйымдарында қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау, оның құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету және зорлық-зомбылықтың кез келген түрінің алдын алу педагогтердің кәсіби қызметінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Осыған байланысты буллингтің алдын алу тек тәрбиелік іс-шаралармен шектелмей, мектептің барлық қатысушыларын қамтитын кешенді профилактикалық жүйе ретінде ұйымдастырылуы қажет.

Бағдарламада буллинг мәселесі құқықтық, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік тұрғыдан қарастырылады. Курстың мазмұны педагогтердің буллингтің белгілерін ерте анықтау, тәуекел факторларын бағалау, қауіпсіз білім беру ортасын жобалау, білім алушылармен, ата-аналармен және мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен тиімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағдарлама қауіпсіз мектеп мәдениетін қалыптастырудың халықаралық тәжірибесін, әлеуметтік-эмоционалдық оқыту тәсілдерін, инклюзивті білім беру қағидағдарын және Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан «ДосболLIKE» бағдарламасының негізгі идеяларын ескере отырып әзірленді. Бұл бағдарлама аталған жобаны қайталамайды, керісінше педагогтердің кәсіби

құзыреттілігін дамыту арқылы оның білім беру ұйымдарында тиімді іске асырылуын әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның практикалық бағыты әрбір тыңдаушының нақты кәсіби өнім әзірлеуіне негізделген. Курсты меңгеру барысында педагогтер білім беру ұйымына арналған буллингтің профилактикасы бойынша іс-қимыл алгоритмін, қауіпсіз білім беру ортасын бағалау құралдарын, сыныптағы профилактикалық іс-шаралардың сценарийлерін, ата-аналармен жұмысқа арналған әдістемелік материалдарды, тәуекелдерді анықтау чек-парақтарын және мектептің антибуллинг саясатының жобасын әзірлейді.

Бағдарлама орта білім беру ұйымдарының директорларына, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына, педагогтерге, сынып жетекшілеріне, педагог-психологтерге, әлеуметтік педагогтерге, педагог-ассистенттерге, арнайы педагогтерге және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға қатысатын басқа да педагог қызметкерлерге арналған.

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде педагогтер қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың заманауи тәсілдерін меңгеріп, білім беру ұйымында буллингтің алдын алу бойынша жүйелі жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру, іске асыру және оның тиімділігін бағалау құзыреттерін дамытады.

### **Бағдарламаның өзектілігі**

Қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – әрбір білім алушының қауіпсіз, психологиялық қолайлы және қолдау көрсететін білім беру ортасында білім алу құқығын қамтамасыз ету. Білім беру ұйымдарында тұлғаның үйлесімді дамуына, эмоционалдық саулығына және әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтіретін факторлардың бірі – баланы жәбірлеу (буллинг). Буллингтің түрлі формалары білім алушылардың оқу мотивациясының төмендеуіне, психологиялық күйзелісіне, әлеуметтік оқшаулануына және білім сапасының төмендеуіне ықпал етеді. Сондықтан бұл мәселе тек тәрбие жұмысының емес, бүкіл білім беру процесінің стратегиялық бағыты ретінде қарастырылуы қажет.

Қазіргі қоғамдағы цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы буллингтің жаңа түрлерінің, әсіресе кибербуллингтің кең таралуына әсер етуде. Онлайн кеңістіктегі қысым көрсету, әлеуметтік желілер арқылы қорқыту, жалған ақпарат тарату немесе әдейі оқшаулау оқушының психологиялық қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіреді. Осыған байланысты педагогтердің дәстүрлі буллингпен қатар цифрлық ортадағы тәуекелдерді анықтау, олардың алдын алу және тиімді әрекет ету құзыреттіліктерін дамыту өзекті болып отыр.

Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру мәселелері мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған. Бұл бағыттағы нормативтік-құқықтық құжаттардың қабылдануы білім беру ұйымдарына буллингтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыстарды ұйымдастыруға нақты міндеттер жүктейді. Алайда аталған талаптардың тиімді орындалуы педагогтердің құқықтық сауаттылығына, психологиялық-педагогикалық

дайындығына және қауіпсіз мектеп мәдениетін қалыптастырудағы кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты.

Буллингтің алдын алу тек жекелеген оқиғаларға жауап қайтарумен шектелмеуі тиіс. Заманауи ғылыми зерттеулер қауіпсіз мектеп ортасын қалыптастырудың тиімділігі бүкіл мектеп ұжымының ортақ құндылықтарына, өзара құрметке негізделген қарым-қатынас мәдениетіне, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамытуға, ата-аналармен серіктестікке және білім алушылардың белсенді қатысуына тәуелді екенін көрсетеді. Сондықтан профилактикалық жұмыс жүйелі, үздіксіз және барлық білім беру процесіне кіріктірілген сипатта ұйымдастырылуы қажет.

Бағдарламаның өзектілігі сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайында арта түседі. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, әлеуметтік осал топтағы білім алушылар, жаңа ортаға бейімделіп жүрген немесе түрлі мәдени ортадан келген оқушылар жәбірлеу қаупіне көбірек ұшырауы мүмкін. Осыған байланысты педагогтердің инклюзивті ортада тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуі, кемсітушілікке жол бермеуі және әрбір баланың қауіпсіздігін сақтауға бағытталған педагогикалық тәсілдерді меңгеруі ерекше маңызға ие.

Бағдарлама педагогтердің кәсіби қызметін қазіргі білім беру талаптарына сәйкес жетілдіруге бағытталған. Оның мазмұны қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың құқықтық, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық негіздерін біріктіріп, педагогтердің буллингтің алдын алу, ерте анықтау, тәуекелдерді бағалау, тиімді профилактикалық жұмыстарды жоспарлау және мектептің антибуллингтік мәдениетін қалыптастыру бойынша практикалық құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Бағдарламаның ерекшелігі – қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруды тек буллингтің алдын алу шаралары ретінде емес, білім беру ұйымының корпоративтік мәдениетін, педагогтердің кәсіби жауапкершілігін, білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуын және барлық қатысушылардың өзара құрметке негізделген қарым-қатынасын қамтамасыз ететін кешенді жүйе ретінде қарастыруында. Осы тұрғыдан алғанда, бағдарлама педагогтердің кәсіби әлеуетін арттыруға және білім беру ұйымдарында қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын орнықты қалыптастыруға бағытталған заманауи тәжірибеге бағдарланған әдістемелік негіз болып табылады.

### **Жалпыұлттық басымдықтармен және әлемдік үрдістермен байланысы**

Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беру саясатының басым бағыттарына сәйкес әзірленген және білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, балалардың құқықтарын қорғау, психологиялық әл-ауқатын нығайту, инклюзивті білім беруді дамыту және тәрбиенің сапасын арттыру міндеттерін іске асыруға бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарында, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын

бекіту туралы» №506 бұйрығында, сондай-ақ қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға қатысты өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптармен сабақтастырылған. Сонымен қатар, бағдарлама білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан «ДосболLIKE» бағдарламасының негізгі қағидаттарын әдістемелік тұрғыдан қолдай отырып, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған.

Қазіргі таңда халықаралық білім беру кеңістігінде мектеп қауіпсіздігі мен білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету білім сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) және ЭЫДҰ (OECD) ұсынған ұсынымдарда буллингтің алдын алу тек тәртіптік шаралармен шектелмей, қауіпсіз мектеп мәдениетін қалыптастыру, әлеуметтік-эмоционалдық оқытуды дамыту, білім алушылардың әл-ауқатын жүйелі мониторингтеу, цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және барлық білім беру процесіне қатысушылардың серіктестігін нығайту арқылы жүзеге асырылуы керектігі атап көрсетіледі.

Әлемдік тәжірибеде буллингтің профилактикасының тиімділігі бүкіл мектепті қамтитын (Whole School Approach) кешенді тәсілмен байланыстырылады. Бұл тәсіл мектеп әкімшілігінің, педагогтердің, ата-аналардың, білім алушылардың және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бірлескен әрекетін көздейді. Бағдарлама осы халықаралық тәжірибелерді ұлттық білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне бейімдей отырып, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың тиімді модельдерін педагогтердің күнделікті тәжірибесіне енгізуге бағытталған.

Сонымен қатар, қазіргі әлемдік үрдістер білім алушылардың цифрлық ортадағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударуды талап етеді. Әлеуметтік желілер мен онлайн-платформалардың кеңінен қолданылуы кибербуллингтің таралуына ықпал етуде. Осыған байланысты бағдарламада цифрлық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, кибербуллингтің алдын алу, ақпараттық сауаттылықты дамыту және интернет кеңістігіндегі жауапты мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру мәселелері де қамтылған.

Бағдарлама жалпыұлттық басымдықтар мен халықаралық тәжірибені кіріктіре отырып, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге, білім беру ұйымдарында қауіпсіз, инклюзивті және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға, сондай-ақ әрбір баланың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуге негізделген мектеп мәдениетін дамытуға бағытталған. Мұндай тәсіл Қазақстанның білім беру жүйесінің халықаралық сапа стандарттарына сәйкестігін арттыруға және орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді.

## **2. Глоссарий**

**Баланы жәбірлеу (буллинг)** – бір немесе бірнеше адамның білім алушыға қатысты жүйелі түрде қорқытуы, кемсітуі, қудалауы, әлеуметтік оқшаулауы немесе психологиялық, физикалық, вербалды не цифрлық қысым көрсетуі.

**Буллингтің профилактикасы** – білім беру ұйымында буллингтің пайда болуының алдын алуға, тәуекел факторларын төмендетуге, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға және барлық білім беру процесіне қатысушылардың өзара құрметке негізделген қарым-қатынасын дамытуға бағытталған кешенді ұйымдастырушылық, психологиялық-педагогикалық және тәрбиелік шаралар жүйесі.

**Кибербуллинг** – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, электрондық поштаны немесе басқа да цифрлық платформаларды пайдалану арқылы баланы жүйелі түрде қорқыту, кемсіту, қорлау, қудалау немесе беделіне нұқсан келтіруге бағытталған әрекеттер.

**Психологиялық қауіпсіздік** – әрбір білім алушының өз ойын еркін білдіруге, қателесуден қорықпауға, құрдастары мен педагогтер тарапынан құрмет пен қолдау сезінуіне мүмкіндік беретін орта.

**Мектеп климаты** – білім беру ұйымындағы өзара қарым-қатынас мәдениетін, сенім деңгейін, әділдікті, қауіпсіздікті және мектеп қауымдастығы мүшелерінің эмоционалдық жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығы.

**Профилактика** – буллингтің пайда болу себептері мен тәуекел факторларын азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық, тәрбиелік, психологиялық және педагогикалық шаралар кешені.

**Тәуекел факторы** – буллингтің туындауына немесе күшеюіне ықпал етуі мүмкін әлеуметтік, психологиялық, ұйымдастырушылық немесе жеке ерекшеліктер.

**Ерте анықтау** – буллинг белгілерін бастапқы кезеңде байқап, оның алдын алу үшін уақытылы шаралар қабылдау үдерісі.

**Әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар** – эмоцияларды түсіну және басқару, эмпатия таныту, тиімді қарым-қатынас жасау, жауапты шешім қабылдау және жанжалдарды конструктивті шешу қабілеттері.

**Инклюзивті білім беру ортасы** – барлық білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың тең білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін, кемсітусіз және қолжетімді білім беру кеңістігі.

**Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ)** – білім алушының оқу процесіне толыққанды қатысуы үшін арнайы педагогикалық, психологиялық немесе техникалық қолдау қажет болатын қажеттіліктері.

**Қалпына келтіруші тәсіл (Restorative approach)** – қақтығыс немесе буллинг жағдайынан кейін қатысушылар арасындағы сенімді қарым-қатынасты қалпына келтіруге, жауапкершілікті қалыптастыруға және келтірілген зиянды өтеуге бағытталған педагогикалық тәсіл.

**Әлеуметтік оқшаулау** – білім алушыны сыныптың немесе құрдастар тобының қарым-қатынасынан әдейі шеттету, ортақ іс-әрекетке қатыстырмау арқылы психологиялық қысым жасау түрі.

**Антибуллинг саясаты** – білім беру ұйымында буллингтің алдын алу, анықтау, тіркеу, әрекет ету және мониторинг жүргізу тәртібін айқындайтын ішкі нормативтік құжаттар жүйесі.

**Мониторинг** – қауіпсіз білім беру ортасының жай-күйін, буллингтің таралу деңгейін және профилактикалық жұмыстың тиімділігін жүйелі түрде бақылау және бағалау процесі.

**Ведомствоаралық өзара іс-қимыл** – білім беру ұйымының қажет болған жағдайда денсаулық сақтау, құқық қорғау, әлеуметтік қорғау және қорғаншылық органдарымен бірлесіп әрекет етуі.

**Педагогикалық қолдау** – білім алушының психологиялық әл-ауқатын сақтауға, қиындықтарды еңсеруге және қауіпсіз дамуына бағытталған педагогтің кәсіби қызметі.

**Қауіпсіз мектеп мәдениеті** – өзара сыйластыққа, сенімге, жауапкершілікке, ынтымақтастыққа және баланың құқықтарын құрметтеуге негізделген мектеп құндылықтары мен мінез-құлық нормаларының жүйесі.

**Қауіпсіз білім беру ортасы** – білім алушылардың өмірі мен денсаулығын, психологиялық әл-ауқатын, құқықтары мен қадір-қасиетін қорғауға бағытталған әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық жағдайлар жүйесі.

### **3. Бағдарламаның тақырыптық бағыты**

Бағдарламаның тақырыптық бағыты орта білім беру ұйымдарында қауіпсіз, қолайлы және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Бағдарлама мазмұны білім алушылардың құқықтарын қорғау, буллингтің алдын алу, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және педагогтердің кәсіби әрекеттерінің тиімділігін арттыру мәселелерін кешенді түрде қарастырады.

Бағдарламада буллингтің алдын алу мәселесі тек құқық бұзушылықтың немесе тәртіптік жағдайдың алдын алу ретінде емес, білім беру ұйымының тәрбиелік жүйесінің, мектеп мәдениетінің және білім беру процесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Осыған байланысты курс мазмұны педагогтердің құқықтық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және цифрлық құзыреттіліктерін өзара ықпалдастықта дамытуға негізделген.

Бағдарламаның ерекшелігі – қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың халықаралық тиімді тәжірибелерін, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарын және қазіргі педагогиканың ғылыми негізделген тәсілдерін біріктіруінде. Курстың мазмұны педагогтерді буллингтің белгілерін ерте анықтауға, тәуекел факторларын бағалауға, қауіпсіз коммуникация орнатуға, білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға және мектеп қауымдастығының барлық қатысушыларымен тиімді өзара әрекеттесуге үйретеді.

Бағдарламаның маңызды бағыты – қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың алдын алу моделін енгізу. Бұл модель білім беру ұйымында өзара құрметке негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруды, білім алушылардың әл-ауқатын тұрақты мониторингтеуді, педагогтердің кәсіби

жауапкершілігін арттыруды, ата-аналармен серіктестікті дамытуды және оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз етуді көздейді.

Сонымен қатар бағдарламада қазіргі білім беру жүйесінің өзекті бағыттарының бірі – цифрлық қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылады. Педагогтер кибербуллингтің алдын алу, цифрлық кеңістіктегі тәуекелдерді анықтау, білім алушылардың цифрлық мәдениетін қалыптастыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша практикалық тәсілдерді меңгереді.

Бағдарлама инклюзивті білім беру қағидаттарына сәйкес барлық білім алушылар үшін қолайлы және қауіпсіз орта құру мәселелерін де қамтиды. Курста ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау, кемсітушілікке жол бермеу, тең мүмкіндіктер қағидатын сақтау және әрбір баланың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау мәселелері қарастырылады.

Бағдарламаның тақырыптық құрылымы теориялық білім мен практикалық әрекетті өзара байланыстыра отырып, педагогтердің кәсіби қызметінде тікелей қолдануға болатын практикалық өнімдерді әзірлеуге бағытталған. Курсты меңгеру барысында тыңдаушылар мектептің қауіпсіз білім беру ортасын жетілдіруге арналған іс-қимыл алгоритмдерін, профилактикалық іс-шаралардың жоспарларын, диагностикалық құралдарды, әдістемелік ұсынымдарды және антибуллингтік мектеп саясатының элементтерін әзірлейді.

Осылайша, бағдарламаның тақырыптық бағыты педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту арқылы білім беру ұйымдарында қауіпсіз, психологиялық қолайлы, инклюзивті және зорлық-зомбылықтан еркін білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағыт білім алушылардың әл-ауқатын арттыруға, олардың құқықтарын қорғауға және білім беру сапасын көтеруге ықпал етеді.

### **Білім беру жүйесінде баламалардың болуы/болмауын талдау**

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, зорлық-зомбылықтың алдын алуға және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарламалар, жобалар мен әдістемелік ұсынымдар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидалары», балалардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған «ДосболLIKE» бағдарламасы, тәрбие жұмысының тұжырымдамалық негіздері, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің әдістемелік материалдары және мектептердегі тәрбиелік іс-шаралар буллингтің алдын алу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, аталған бағдарламалар мен әдістемелік құралдардың басым бөлігі білім беру ұйымдарында профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға, тәрбиелік жұмыстарды өткізуге немесе нормативтік талаптарды орындауға бағытталған. Олар педагогтердің буллингтің алдын алу саласындағы кәсіби құзыреттілігін кешенді дамытуға арналған біліктілікті арттыру курстарының мазмұнын толық қамтымайды.

Қолданыстағы біліктілікті арттыру курстарында буллинг мәселесі көбінесе инклюзивті білім беру, тәрбие жұмысы, психологиялық қолдау немесе бала құқықтарын қорғау тақырыптарының құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл курстарда қауіпсіз білім беру ортасын жобалау, мектептің антибуллингтік саясатын әзірлеу, тәуекелдерді бағалау, кибербуллинктің алдын алу, мектеп климатын мониторингтеу және педагогтердің практикалық әрекет алгоритмдерін қалыптастыру мәселелері жүйелі түрде біріктірілмеген.

Ұсынылып отырған бағдарлама осы қажеттіліктерді ескере отырып әзірленді және өзінің мазмұны мен құрылымы бойынша қолданыстағы бағдарламаларды толықтырады. Бағдарламаның ерекшелігі – буллингтің профилактикасын қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың кешенді жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыруында. Курста құқықтық негіздер, психологиялық-педагогикалық тәсілдер, әлеуметтік-эмоционалдық оқыту, цифрлық қауіпсіздік, инклюзивті тәжірибе және мектептің ішкі қауіпсіздік мәдениетін дамыту мәселелері өзара сабақтастықта қарастырылады.

Бағдарлама педагогтердің теориялық білімін кеңейтумен қатар, олардың кәсіби қызметінде тікелей қолдануға болатын практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар қауіпсіз білім беру ортасын бағалау құралдарын, мектептің антибуллингтік іс-қимыл алгоритмін, профилактикалық іс-шаралардың үлгілерін, мониторинг жүргізу тетіктерін және білім беру ұйымында енгізуге болатын практикалық жобаларды әзірлейді.

Осылайша, білім беру жүйесінде буллингтің алдын алуға арналған нормативтік және әдістемелік негіздер болғанымен, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру мәселесін педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту арқылы кешенді қарастыратын біліктілікті арттыру бағдарламалары жеткіліксіз. Сондықтан ұсынылып отырған бағдарлама қолданыстағы тәжірибені толықтыратын, заманауи ғылыми тәсілдерге және ұлттық білім беру саясатының басымдықтарына негізделген өзекті білім беру бағдарламасы болып табылады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

**Бағдарламаның мақсаты** – орта білім беру ұйымдары педагогтерінің баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру саласындағы кәсіби құзыреттерін арттыру, білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, буллингтің алдын алу бойынша тиімді педагогикалық тәсілдер мен практикалық шешімдерді меңгерту арқылы қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын ұйымдастыруға жағдай жасау.

Бағдарлама педагогтердің білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын қолдау, буллингтің алдын алу, ерте анықтау және оған тиімді әрекет ету, білім беру процесіне қатысушылар арасында өзара құрмет пен сенімге негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ қауіпсіз және инклюзивті

білім беру ортасын ұйымдастыру бойынша кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған.

### **Бағдарламаның міндеттері**

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу көзделеді:

- орта білім беру ұйымдарында баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды және оларды педагогтің кәсіби қызметінде қолдану ерекшеліктерін меңгерту;
- буллингтің, кибербуллингтің және зорлық-зомбылықтың басқа түрлерінің белгілерін, себептері мен тәуекел факторларын анықтаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін меңгерту;
- қауіпсіз, психологиялық қолайлы және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастырудың педагогикалық қағидаттары мен ұйымдастыру тетіктерін игерту;
- білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға және қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған тиімді әдістер мен технологияларды меңгерту;
- буллинг жағдайларында педагогтің әрекет ету алгоритмін, білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету және ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін қалыптастыру;
- ата-аналармен, педагог-психологтермен, әлеуметтік педагогтермен және басқа да мамандармен тиімді кәсіби серіктестік орнату дағдыларын дамыту;
- педагогтердің қауіпсіз білім беру ортасын жобалау, профилактикалық жұмыстың нәтижелерін мониторингтеу және бағалау бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

### **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері**

**Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде педагогтер төмендегідей оқу нәтижелеріне қол жеткізеді:**

**Біледі:**

- баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы саласындағы нормативтік-құқықтық талаптарды және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың негізгі қағидаттарын;
- буллингтің, кибербуллингтің пайда болу себептерін, белгілерін, тәуекел факторларын және оның білім алушылардың психологиялық дамуына әсерін;

- қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін;
- әлеуметтік-эмоционалдық оқытудың мазмұнын және білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру тәсілдерін;
- буллингтің алдын алу бойынша мектепшілік профилактикалық жұмысты ұйымдастырудың негізгі бағыттарын.

**Істей алады:**

- буллингтің алдын алу бойынша заманауи педагогикалық әдістер мен практикалық құралдарды қолдану;
- буллинг тәуекелдерін анықтау, қауіпсіз білім беру ортасының жағдайын бағалау және профилактикалық іс-шараларды жоспарлау;
- буллинг жағдайында педагогтің әрекет ету алгоритмін тиімді жүзеге асыру;
- білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру;
- ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен кәсіби ынтымақтастықта жұмыс жүргізу.

**Меңгереді:**

- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастырудың заманауи педагогикалық технологияларын;
- буллингтің және кибербуллингтің профилактикасын ұйымдастырудың практикалық әдістері мен құралдарын;
- мектептің қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және қолдау бойынша кешенді жұмыс жүргізу тәсілдерін;
- білім беру ұйымында профилактикалық жұмыстың тиімділігін мониторингтеу, талдау және жетілдіру бойынша кәсіби дағдыларды.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Бағдарлама педагогтердің теориялық білімдерін жүйелеуге, практикалық дағдыларын жетілдіруге және кәсіби қызметінде қолданылатын тиімді құралдарды меңгеруге бағытталған. Бағдарлама мазмұны буллингтің профилактикасын ұйымдастырудың құқықтық, психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін кешенді қарастырады.

Бағдарламаның құрылымы тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерін кезең-кезеңімен дамыту қағидатына негізделген. Алғашқы модульде буллингтің профилактикасының нормативтік-құқықтық негіздері қарастырылса, келесі модульдерде буллингтің психологиялық ерекшеліктері, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың педагогикалық тәсілдері, буллингтің алдын алу технологиялары, білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы және профилактикалық жұмыстың тиімділігін бағалау мәселелері қамтылады.

Бағдарламаны меңгеру барысында тыңдаушылар теориялық материалдарды талдайды, нақты педагогикалық жағдаяттарды зерделейді, тәжірибелік тапсырмаларды орындайды, топтық талқылауларға қатысады және білім беру ұйымында қолдануға арналған әдістемелік өнімдер әзірлейді. Практикалық жұмыстар педагогтердің күнделікті кәсіби қызметінде кездесетін нақты жағдайларды шешуге бағытталған.

Бағдарлама 6 модульден және 18 тақырыптан тұрады. Әрбір модуль өзара логикалық сабақтастықта құрылып, тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерін бірізді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

<b>1-модуль. Буллингтің профилактикасының нормативтік-құқықтық негіздері</b>	
<p><b>Модульдің мақсаты</b>  Модульдің мақсаты – орта білім беру ұйымдары педагогтерінде баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасының нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері туралы жүйелі түсінік қалыптастыру, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың талаптарын кәсіби қызметте тиімді қолдану құзыреттілігін дамыту.  Модуль педагогтердің буллингтің алдын алу саласындағы кәсіби жауапкершілігін арттыруға, білім алушылардың құқықтарын қорғау қағидаттарын терең түсінуге, білім беру ұйымында қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың құқықтық және ұйымдастырушылық</p>	<p><b>Модульдің міндеттері</b>  Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасын реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық құжаттардың мазмұнын талдау;</li> <li>– қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын түсіндіру;</li> <li>– буллингтің профилактикасын ұйымдастырудағы педагогтің құқықтары, міндеттері және кәсіби жауапкершілігін айқындау;</li> <li>– білім беру ұйымындағы буллингтің алдын алу бойынша мектепшілік құжаттарды әзірлеуге қойылатын талаптарды қарастыру;</li> </ul>

<p>тетіктерін бағытталған.</p> <p>меңгеруге</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- буллинг жағдайында педагогтің әрекет ету алгоритмін және білім беру ұйымындағы өзара іс-қимыл тәртібін меңгерту;</li> <li>- педагогтердің нормативтік-құқықтық құжаттарды кәсіби қызметте тиімді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</li> </ul>
	<p><b>Модульдің күтілетін нәтижелері</b></p> <p>Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер:</p> <p>Біледі:</p> <p>баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы саласындағы негізгі нормативтік-құқықтық актілерді; қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың мемлекеттік саясатындағы басым бағыттарды; педагогтің буллингтің алдын алу бойынша құқықтары мен міндеттерін; білім беру ұйымындағы буллингтің профилактикасын ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын.</p> <p>Істей алады:</p> <p>нормативтік-құқықтық талаптарды педагогикалық қызмет барысында қолдану; буллингтің алдын алу бойынша мектепішілік құжаттарды әзірлеуге қатысу; буллинг жағдайында әрекет ету алгоритмін кәсіби қызметінде пайдалану; қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған ұйымдастырушылық іс-шараларды жоспарлау.</p> <p>Меңгереді:</p> <p>буллингтің профилактикасын құқықтық негізде ұйымдастыру дағдыларын; қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың ұйымдастырушылық тетіктерін; білім беру ұйымында буллингтің алдын алу бойынша кәсіби шешім қабылдау және басқарушылық құжаттарды практикада қолдану дағдыларын.</p>

### **Модульдің сипаттамасы**

Аталған модуль бағдарламаның кіріспе модулі болып табылады және педагогтерде баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасын ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері туралы тұтас көзқарас қалыптастыруға бағытталған.

Модуль аясында Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілері, баланың құқықтарын қорғау, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, буллингтің профилактикасы бойынша мемлекеттік талаптар, сондай-ақ педагогтің кәсіби жауапкершілігі қарастырылады.

Ерекше назар білім беру ұйымында буллингтің алдын алу бойынша жүйелі жұмысты ұйымдастыруға, мектептің ішкі антибуллинг саясатын әзірлеуге, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың ұйымдастырушылық моделіне және педагогтің практикалық әрекет ету алгоритмдеріне аударылады.

Модульді меңгеру келесі модульдерді игеруге теориялық және әдіснамалық негіз қалыптастырады, педагогтердің нормативтік талаптарды кәсіби қызметпен ұштастыруына және білім беру ұйымында қауіпсіз, қолайлы әрі буллингке төзімсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді.

### **2-модуль. Буллингтің психологиялық-педагогикалық негіздері және ерте профилактикасы**

#### **Модульдің мақсаты**

Модульдің мақсаты – орта білім беру ұйымдары педагогтерінде буллингтің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы жүйелі түсінік қалыптастыру, буллингтің себептері мен тәуекел факторларын анықтау, ерте профилактиканы ұйымдастыру және білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту. Модуль педагогтердің буллингтің пайда болу механизмдерін, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық қолдау көрсету, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамыту және қауіпсіз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру

#### **Модульдің міндеттері**

Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:

- буллингтің психологиялық-педагогикалық табиғатын, негізгі белгілері мен ерекшеліктерін түсіндіру;
- буллингтің, кибербуллингтің және психологиялық қысымның пайда болу себептері мен тәуекел факторларын талдау;
- буллингке қатысушылардың (жәбірленуші, буллер, куәгер) психологиялық ерекшеліктерін қарастыру;
- білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес буллингтің алдын алу әдістерін меңгерту;

<p>бағытындағы кәсіби қызметін жетілдіруге бағытталған.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту арқылы қауіпсіз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың тиімді тәсілдерін игерту;</li> <li>– педагогтердің буллинг белгілерін ерте анықтау және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету дағдыларын дамыту.</li> </ul>
	<p><b>Модульдің күтілетін нәтижелері</b>  Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер:</p> <p>Біледі:</p> <p>буллингтің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның түрлерін;  буллингтің пайда болу себептері мен тәуекел факторларын;  білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты буллингтің көрініс беру ерекшеліктерін;  буллингтің білім алушылардың психологиялық дамуына, оқу жетістіктеріне және әлеуметтік бейімделуіне әсерін;  әлеуметтік-эмоционалдық оқytудың негізгі қағидаттарын және оның буллингтің алдын алудағы рөлін.</p> <p>Істей алады:</p> <p>буллингтің алғашқы белгілерін анықтау және тәуекел деңгейін бағалау;  білім алушылардың психологиялық жағдайын ескере отырып профилактикалық жұмыстарды жоспарлау;  әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамытуға бағытталған педагогикалық әдістерді қолдану;  буллингтің алдын алуға арналған тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру;  білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету барысында тиімді коммуникация тәсілдерін пайдалану.</p>

	<p>Меңгереді: буллингтің ерте профилактикасын ұйымдастырудың практикалық тәсілдерін; білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістерін; әлеуметтік-эмоционалдық оқыту технологияларын қолдану дағдыларын; білім беру ұйымында қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырудың кәсіби тәсілдерін.</p>
--	---

### **Модульдің сипаттамасы**

Аталған модуль педагогтердің буллингтің психологиялық-педагогикалық негіздерін терең түсінуіне және оның алдын алу бойынша кәсіби әрекеттерін жетілдіруге бағытталған. Модуль аясында буллингтің әлеуметтік-психологиялық табиғаты, оның туындау себептері, тәуекел факторлары, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты көріністері және білім беру процесіне ықпалы қарастырылады.

Ерекше назар буллингке қатысушылардың психологиялық ерекшеліктерін талдауға, білім алушылардың эмоционалдық интеллектісін, эмпатиясын, өзара сыйластық мәдениетін дамытуға және қауіпсіз қарым-қатынас қалыптастырудың заманауи педагогикалық тәсілдеріне аударылады. Сонымен қатар педагогтер буллингтің алғашқы белгілерін уақытылы анықтау, тәуекелдерді бағалау және білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету әдістерін меңгереді.

Модульді меңгеру педагогтердің буллингтің алдын алу бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыруға, қауіпсіз мектеп мәдениетін қалыптастыруға және бағдарламаның келесі модульдерінде қарастырылатын практикалық әрекет ету технологияларын тиімді игеруге негіз болады.

### **3-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың педагогикалық технологиялары**

<p><b>Модульдің мақсаты</b> Модульдің мақсаты – орта білім беру ұйымдары педагогтерінің қауіпсіз, психологиялық қолайлы және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру бойынша кәсіби құзыреттерін дамыту, буллингтің алдын алуға бағытталған заманауи педагогикалық технологияларды, тиімді оқыту және тәрбиелеу әдістерін кәсіби қызметте қолдану қабілетін жетілдіру.</p>	<p><b>Модульдің міндеттері</b> Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың педагогикалық қағидаттары мен заманауи тәсілдерін меңгерту;</li> <li>– әлеуметтік-эмоционалдық оқытудың білім алушылардың тұлғалық дамуы мен буллингтің алдын алуға маңызын түсіндіру;</li> </ul>
---	---

<p>Модуль педагогтердің білім алушылардың әлеуметтік-эмоционалдық дамуын қолдау, қауіпсіз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, сынып ұжымында жағымды психологиялық ахуал орнату және буллингтің алдын алу бойынша жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру дағдыларын дамытуға бағытталған.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– сынып ұжымында өзара құрметке, ынтымақтастыққа және сенімге негізделген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру әдістерін игерту;</li> <li>– білім алушылардың эмоционалдық интеллектісін, коммуникативтік және жанжалдарды бейбіт жолмен шешу дағдыларын дамытуға бағытталған педагогикалық технологияларды меңгерту;</li> <li>– инклюзивті білім беру жағдайында қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын ұйымдастырудың тиімді тәжірибелерін қарастыру;</li> <li>– педагогтердің профилактикалық іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру дағдыларын жетілдіру.</li> </ul>
	<p><b>Модульдің күтілетін нәтижелері</b></p> <p>Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер:</p> <p>Біледі:</p> <p>қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың педагогикалық негіздерін; әлеуметтік-эмоционалдық оқытудың негізгі қағидаттары мен мазмұнын; білім алушылар арасында қауіпсіз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың әдістерін; инклюзивті білім беру жағдайында қолайлы психологиялық ахуал құрудың ерекшеліктерін; профилактикалық жұмысты ұйымдастырудың тиімді педагогикалық технологияларын.</p> <p>Істей алады:</p> <p>қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық технологияларды қолдану; әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды дамытуға арналған сабақтар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және өткізу;</p>

	<p>сынып ұжымында өзара сыйластық пен ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыру; білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып қолайлы психологиялық орта ұйымдастыру;</p> <p>буллингтің алдын алуға бағытталған профилактикалық бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу.</p> <p>Меңгереді:</p> <p>қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың заманауи педагогикалық технологияларын;</p> <p>әлеуметтік-эмоционалдық оқыту әдістері мен құралдарын қолдану дағдыларын;</p> <p>білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын қолдау және қауіпсіз мектеп мәдениетін дамыту тәсілдерін;</p> <p>профилактикалық жұмысты тиімді жоспарлау және ұйымдастырудың кәсіби дағдыларын.</p>
--	---

#### **Модульдің сипаттамасы**

Аталған модуль педагогтердің қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша практикалық қызметін жетілдіруге бағытталған. Модуль аясында қауіпсіз мектеп мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық технологиялары, әлеуметтік-эмоционалдық оқыту, сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру, өзара құрметке негізделген қарым-қатынас мәдениетін дамыту және буллингтің алдын алу бойынша тәрбиелік жұмыстың тиімді әдістері қарастырылады.

Ерекше назар білім алушылардың эмоционалдық интеллектісін, коммуникативтік құзыреттілігін, жанжалдарды конструктивті шешу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ инклюзивті білім беру жағдайында әрбір білім алушының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін педагогикалық ортаны ұйымдастыруға аударылады. Модуль барысында тыңдаушылар профилактикалық сабақтар мен сынып сағаттарын жобалау, әлеуметтік-эмоционалдық оқыту элементтерін оқу-тәрбие процесіне кіріктіру және қауіпсіз мектеп мәдениетін қалыптастырудың практикалық құралдарын меңгереді.

Модульді меңгеру педагогтердің білім беру ұйымында буллингтің алдын алу бойынша жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыруына, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруына, сондай-ақ білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған кәсіби құзыреттерін нығайтуға мүмкіндік береді.

#### **4-модуль. Буллингтің алдын алу және педагогтің әрекет ету алгоритмдері**

##### **Модульдің мақсаты**

##### **Модульдің міндеттері**

<p>Модульдің мақсаты – орта білім беру ұйымдары педагогтерінің буллинг жағдайларын ерте анықтау, бағалау және тиімді әрекет ету бойынша кәсіби құзыреттіліктерін дамыту, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған педагогикалық, психологиялық және ұйымдастырушылық іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Модуль педагогтердің буллингтің алдын алу, білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, ата-аналармен және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен өзара іс-қимыл жасау, сондай-ақ буллинг жағдайларында кәсіби әрі уақтылы шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталған.</p>	<p>Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– буллинг жағдайларын ерте анықтау және бағалау тәсілдерін меңгерту;</li> <li>– буллинг анықталған жағдайда педагогтің әрекет ету алгоритмін түсіндіру;</li> <li>– білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің тиімді әдістерін меңгерту;</li> <li>– буллингке қатысушылармен (жәбірленуші, буллер, куәгерлер) жұмыс жүргізудің педагогикалық тәсілдерін қарастыру;</li> <li>– ата-аналармен, педагог-психологпен, әлеуметтік педагогпен және басқа да мүдделі мамандармен тиімді өзара іс-қимыл ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;</li> <li>– буллингтің алдын алу және туындаған жағдайларды шешу барысында педагогтердің кәсіби жауапкершілігі мен этикалық қағидаттарын нығайту.</li> </ul>
	<p><b>Модульдің күтілетін нәтижелері</b></p> <p>Модульді аяқтағаннан кейін педагогтер:</p> <p>Біледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>буллинг жағдайларын анықтау және бағалау критерийлерін;</li> <li>буллингке қатысушылардың психологиялық ерекшеліктерін және оларға қолдау көрсету жолдарын;</li> <li>педагогтің буллинг жағдайындағы әрекет ету алгоритмін;</li> <li>білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жүйесінің мазмұнын;</li> <li>буллинг жағдайында ата-аналармен және мамандармен өзара іс-қимыл жасау қағидаттарын.</li> </ul> <p>Істей алады:</p>

	<p>буллингтің алғашқы белгілерін анықтап, тәуекел деңгейін бағалау;  буллинг жағдайында қауіпсіз және кәсіби әрекет ету алгоритмін қолдану;  білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жұмыстарын ұйымдастыру;  ата-аналармен және мектеп мамандарымен бірлескен профилактикалық жұмыстарды жүргізу;  нақты педагогикалық жағдаяттарды талдап, тиімді шешімдер қабылдау.  <b>Меңгереді:</b>  буллинг жағдайларын басқарудың практикалық тәсілдерін;  білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістерін;  педагогикалық жағдаяттарды талдау және кәсіби шешім қабылдау дағдыларын;  буллингтің алдын алу және әрекет ету бойынша мектепшілік жұмысты ұйымдастырудың тиімді технологияларын.</p>
--	---

**Модульдің сипаттамасы**

Аталған модуль педагогтердің буллинг жағдайларына кәсіби және уақтылы әрекет ету құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Модуль аясында буллинг белгілерін ерте анықтау, жағдайды бағалау, қауіпсіз әрекет ету алгоритмі, педагогтің кәсіби жауапкершілігі және білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мәселелері қарастырылады.

Ерекше назар буллингке қатысушылармен жеке және топтық жұмыс жүргізуге, ата-аналармен тиімді серіктестік орнатуға, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен өзара іс-қимылды ұйымдастыруға және буллингтің қайталануын болдырмауға бағытталған профилактикалық шараларды іске асыруға аударылады.

Модульді меңгеру педагогтердің нақты педагогикалық жағдаяттарды кәсіби тұрғыдан талдауына, қауіпсіз шешім қабылдауына және білім беру ұйымында буллингтің алдын алу мен әрекет ету бойынша жүйелі жұмысты тиімді ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

**5-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудағы серіктестік және мектептің антибуллингтік мәдениеті**

<p><b>Модульдің мақсаты</b>  Модульдің мақсаты – орта білім беру ұйымдары педагогтерінің білім беру процесіне</p>	<p><b>Модульдің міндеттері</b>  Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:</p>
---	---

<p>қатысушылардың тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыру, мектептің антибуллингтік мәдениетін қалыптастыру және қауіпсіз білім беру ортасын дамыту бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.</p> <p>Модуль педагогтердің ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен және білім алушылармен серіктестік қарым-қатынас орнату, мектеп қауымдастығында өзара құрметке, сенімге және жауапкершілікке негізделген қауіпсіз орта қалыптастыру бойынша кәсіби қызметін дамытуға бағытталған.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруда мектеп, отбасы және қоғам арасындағы серіктестіктің маңызын түсіндіру;</li> <li>– ата-аналармен буллингтің алдын алу бойынша тиімді өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін меңгерту;</li> <li>– педагогикалық ұжым мен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің бірлескен жұмысын ұйымдастырудың тиімді модельдерін қарастыру;</li> <li>– білім алушылардың белсенді қатысуына негізделген мектептің антибуллингтік мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық тәсілдерін меңгерту;</li> <li>– мектептің қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға бағытталған профилактикалық іс-шараларды жоспарлау және іске асыру дағдыларын дамыту;</li> <li>– буллингтің алдын алу бойынша білім беру ұйымының ішкі саясатын жетілдіруге бағытталған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу құзыреттілігін қалыптастыру.</li> </ul>
	<p><b>Модульдің күтілетін нәтижелері</b></p> <p>Біледі:</p> <p>қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудағы мектеп пен отбасының серіктестік қағидаттарын;</p> <p>ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен өзара іс-қимылдың негізгі бағыттарын;</p> <p>мектептің антибуллингтік мәдениетін қалыптастырудың заманауи тәсілдерін;</p> <p>білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлқын дамытудағы мектеп қауымдастығының рөлін.</p>

	<p>Істей алады:  ата-аналармен буллингтің профилактикасы бойынша тиімді жұмыстар ұйымдастыру;  мектептің ішкі антибуллингтік іс-шараларын жоспарлау және өткізу;  білім беру процесіне қатысушылардың серіктестігі негізінде қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру;  мектеп қауымдастығында өзара құрметке және сенімге негізделген қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру;  профилактикалық жұмыстың тиімділігін талдау және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.</p> <p>Меңгереді:  қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруда серіктестік жұмысты ұйымдастыру дағдыларын;  мектептің антибуллингтік мәдениетін қалыптастырудың практикалық технологияларын;  білім беру ұйымында профилактикалық жұмысты үйлестіру және басқару тәсілдерін;  барлық білім беру процесіне қатысушылардың бірлескен қызметін ұйымдастырудың кәсіби дағдыларын.</p>
<p><b>Модульдің сипаттамасы</b></p> <p>Аталған модуль білім беру ұйымында қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың маңызды шарты болып табылатын серіктестік мәдениетін дамытуға бағытталған. Модуль аясында педагогтердің ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен және білім алушылармен өзара тиімді ынтымақтастығын ұйымдастырудың заманауи тәсілдері қарастырылады.</p> <p>Ерекше назар мектептің антибуллингтік мәдениетін қалыптастыруға, білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымын дамытуға, өзара құрмет пен жауапкершілікке негізделген мектеп қауымдастығын құруға және профилактикалық жұмысты білім беру ұйымының тәрбие жүйесіне кіріктіруге аударылады.</p> <p>Модульді меңгеру педагогтердің білім беру ұйымында буллингтің алдын алу бойынша кешенді жұмысты тиімді үйлестіруіне, мектеп қауымдастығының барлық мүшелерін қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру үдерісіне тартуына және орнықты антибуллингтік мәдениетті қалыптастыруына мүмкіндік береді.</p>	

**6-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасының мониторингі, бағалау және тұрақты дамыту**

**Модульдің мақсаты**

Модульдің мақсаты – орта білім беру ұйымдары педагогтерінің қауіпсіз білім беру ортасының жай-күйін мониторингтеу, буллингтің профилактикасы бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін бағалау және оны үздіксіз жетілдіру бойынша кәсіби құзыреттерін дамыту.

Модуль педагогтердің қауіпсіз білім беру ортасын бағалау құралдарын тиімді қолдануына, профилактикалық жұмыстың нәтижелерін талдауына, мониторинг қорытындылары негізінде басқарушылық және педагогикалық шешімдер қабылдауына, сондай-ақ білім беру ұйымында орнықты қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

**Модульдің міндеттері**

Модульді меңгеру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:

- қауіпсіз білім беру ортасының жай-күйін мониторингтеу мен бағалаудың негізгі қағидаттарын меңгерту;
- буллингтің профилактикасы бойынша жүргізілген жұмыстардың тиімділігін бағалау көрсеткіштері мен индикаторларын түсіндіру;
- білім алушылардың психологиялық қауіпсіздігін бағалауға арналған диагностикалық құралдарды қолдану тәсілдерін меңгерту;
- мониторинг нәтижелерін талдау және оларды білім беру ұйымының тәрбие жұмысына енгізу жолдарын қарастыру;
- қауіпсіз білім беру ортасын жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеу дағдыларын қалыптастыру;
- педагогтердің кәсіби рефлексия жасау және үздіксіз кәсіби даму негізінде профилактикалық жұмысты жетілдіру құзыреттіліктерін дамыту.

**Модульдің күтілетін нәтижелері**

Біледі:

қауіпсіз білім беру ортасының тиімділігін бағалаудың негізгі өлшемдері мен көрсеткіштерін;

буллингтің профилактикасы бойынша жүргізілетін мониторингтің мақсаттары мен кезеңдерін;

білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын бағалау әдістерін;

профилактикалық жұмыстың нәтижелілігін анықтау тәсілдерін;

	<p>қауіпсіз білім беру ортасын тұрақты дамытуға бағытталған басқарушылық шешімдердің мазмұнын.</p> <p>Істей алады:</p> <p>қауіпсіз білім беру ортасының жай-күйіне мониторинг жүргізу;</p> <p>буллингтің профилактикасы бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелерін талдау;</p> <p>мониторинг қорытындылары негізінде қауіпсіз білім беру ортасын жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;</p> <p>диагностикалық және бағалау құралдарын кәсіби қызметте тиімді пайдалану;</p> <p>профилактикалық жұмыстың тиімділігін бағалау бойынша қорытынды ұсынымдар дайындау.</p> <p>Меңгереді:</p> <p>қауіпсіз білім беру ортасының мониторингі мен бағалауын ұйымдастыру дағдыларын;</p> <p>буллингтің профилактикасы бойынша жүргізілетін жұмысты талдау және жетілдіру тәсілдерін;</p> <p>кәсіби рефлексия жүргізу және үздіксіз кәсіби даму негізінде тәжірибені жетілдіру дағдыларын;</p> <p>білім беру ұйымында қауіпсіз білім беру ортасын тұрақты дамытуға бағытталған кешенді жоспарлау технологияларын.</p>
<p><b>Модульдің сипаттамасы</b></p> <p>Аталған модуль бағдарламаның қорытынды модулі болып табылады және педагогтердің қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жүргізілетін жұмыстың нәтижелілігін бағалау, мониторинг жүргізу және үздіксіз жетілдіру құзыреттерін дамытуға бағытталған.</p> <p>Модуль аясында қауіпсіз білім беру ортасының сапасын бағалау критерийлері, мониторинг жүргізу әдістері, диагностикалық құралдарды пайдалану, білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын талдау және профилактикалық жұмыстың тиімділігін анықтау мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар мониторинг нәтижелерін тәрбие жұмысының мазмұнын жетілдіруде пайдалану, қауіпсіздік мәдениетін нығайтуға бағытталған ұзақ мерзімді жоспарларды әзірлеу және педагогтің кәсіби рефлексиясы мәселелеріне ерекше назар аударылады.</p> <p>Модульді меңгеру педагогтердің білім беру ұйымында қауіпсіз білім беру ортасын жүйелі түрде бағалауына, профилактикалық жұмыстың сапасын</p>	

үздіксіз жетілдіруіне және тұрақты антибуллингтік саясатты іске асыруына мүмкіндік береді. Нәтижесінде педагогтер қауіпсіз, қолайлы және инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған кәсіби қызметті ғылыми негізде жоспарлау, іске асыру және бағалау құзыреттерін меңгереді.

### 80 академиялық сағатқа арналған оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыптары	Теория	Практика	Өзіндік жұмыс	Барлығы
<b>1</b>	<b>1-модуль. Буллингтің профилактикасының нормативтік-құқықтық негіздері</b>				<b>10</b>
1.1	Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасының нормативтік-құқықтық негіздері	1	1	1	3
1.2	Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың мемлекеттік саясаты және негізгі қағидаттары	1	1	1	3
1.3	Буллингтің профилактикасындағы педагогтің кәсіби жауапкершілігі және әрекет ету алгоритмі	1	1	1	3
1.4	Білім беру ұйымындағы антибуллингтік саясатты ұйымдастыру	1	0	0	1
<b>2</b>	<b>2-модуль. Буллингтің психологиялық-педагогикалық негіздері және ерте профилактикасы</b>				<b>12</b>
2.1	Буллингтің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	1	1	1	3
2.2	Буллингтің түрлері, себептері және тәуекел факторлары	1	1	1	3
2.3	Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес буллингтің көріністері	1	1	1	3
2.4	Буллингтің ерте профилактикасы және тәуекелдерді анықтау	1	1	1	3
<b>3</b>	<b>3-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың педагогикалық технологиялары</b>				<b>16</b>
3.1	Қауіпсіз білім беру ортасының педагогикалық негіздері	1	1	1	3
3.2	Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту және қауіпсіз мектеп мәдениеті	1	1	1	3
3.3	Сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру технологиялары	1	2	1	4
3.4	Инклюзивті білім беру жағдайында қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру	1	1	1	3
3.5	Профилактикалық сабақтар мен тәрбиелік іс-шараларды жобалау	1	1	1	3
<b>4</b>	<b>4-модуль. Буллингтің алдын алу және педагогтің әрекет ету алгоритмдері</b>				<b>16</b>

4.1	Буллинг жағдайларын анықтау және бағалау	1	1	1	3
4.2	Буллинг жағдайында педагогтің әрекет ету алгоритмі	1	1	1	3
4.3	Буллингке қатысушылармен психологиялық-педагогикалық жұмыс	1	2	1	4
4.4	Ата-аналармен және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен өзара іс-қимыл	1	1	1	3
4.5	Кибербуллингтің алдын алу және цифрлық қауіпсіздік	1	1	1	3
<b>5</b>	<b>5-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудағы серіктестік және мектептің антибуллингтік мәдениеті</b>				<b>16</b>
5.1	Мектептің антибуллингтік мәдениетін қалыптастыру	1	1	1	3
5.2	Ата-аналармен серіктестік және ақпараттық-ағартушылық жұмыс	1	2	1	4
5.3	Білім алушылардың көшбасшылық және медиаторлық әлеуетін дамыту	1	2	1	4
5.4	Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудағы мектеп қауымдастығының рөлі	1	1	1	3
5.5	Буллингтің профилактикасы бойынша мектепшілік жобаларды әзірлеу	1	1	1	3
<b>6</b>	<b>6-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасының мониторингі, бағалау және тұрақты дамыту</b>				<b>10</b>
6.1	Қауіпсіз білім беру ортасының мониторингі және бағалау құралдары	1	1	1	3
6.2	Буллингтің профилактикасы бойынша жұмыстың тиімділігін талдау	1	1	1	3
6.3	Педагогтің кәсіби рефлексиясы және тәжірибені жетілдіру	1	1	1	3
6.4	Курс бойынша қорытынды рефлексия және тәжірибені жинақтау	1	0	0	1
	<b>Барлығы</b>	<b>24</b>	<b>28</b>	<b>28</b>	<b>80</b>

## 72 академиялық сағатқа арналған оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыптары	Теория	Практика	Өзіндік жұмыс	Барлығы
<b>1</b>	<b>1-модуль. Буллингтің профилактикасының нормативтік-құқықтық негіздері</b>				<b>9</b>
1.1	Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасының нормативтік-құқықтық негіздері	1	1	1	3

1.2	Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың мемлекеттік саясаты және негізгі қағидаттары	1	1	1	3
1.3	Буллингтің профилактикасындағы педагогтің кәсіби жауапкершілігі және әрекет ету алгоритмі	1	1	1	3
<b>2</b>	<b>2-модуль. Буллингтің психологиялық-педагогикалық негіздері және ерте профилактикасы</b>				<b>12</b>
2.1	Буллингтің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері	1	1	1	3
2.2	Буллингтің түрлері, себептері және тәуекел факторлары	1	1	1	3
2.3	Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес буллингтің көріністері	1	1	1	3
2.4	Буллингтің ерте профилактикасы және тәуекелдерді анықтау	1	1	1	3
<b>3</b>	<b>3-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың педагогикалық технологиялары</b>				<b>15</b>
3.1	Қауіпсіз білім беру ортасының педагогикалық негіздері	1	1	1	3
3.2	Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту және қауіпсіз мектеп мәдениеті	1	1	1	3
3.3	Сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру технологиялары	1	2	1	4
3.4	Инклюзивті білім беру жағдайында қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру	1	1	1	3
3.5	Профилактикалық сабақтар мен тәрбиелік іс-шараларды жобалау	1	0	1	2
<b>4</b>	<b>4-модуль. Буллингтің алдын алу және педагогтің әрекет ету алгоритмдері</b>				<b>15</b>
4.1	Буллинг жағдайларын анықтау және бағалау	1	1	1	3
4.2	Буллинг жағдайында педагогтің әрекет ету алгоритмі	1	1	1	3
4.3	Буллингке қатысушылармен психологиялық-педагогикалық жұмыс	1	2	1	4
4.4	Ата-аналармен және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен өзара іс-қимыл	1	1	1	3
4.5	Кибербуллингтің алдын алу және цифрлық қауіпсіздік	1	0	1	2
<b>5</b>	<b>5-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудағы серіктестік және мектептің антибуллингтік мәдениеті</b>				<b>12</b>
5.1	Мектептің антибуллингтік мәдениетін қалыптастыру	1	1	1	3

5.2	Ата-аналармен серіктестік және ақпараттық-ағартушылық жұмыс	1	2	1	4
5.3	Білім алушылардың көшбасшылық және медиаторлық әлеуетін дамыту	1	1	1	3
5.4	Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудағы мектеп қауымдастығының рөлі	1	0	1	2
<b>6</b>	<b>6-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасының мониторингі, бағалау және тұрақты дамыту</b>				<b>9</b>
6.1	Қауіпсіз білім беру ортасының мониторингі және бағалау құралдары	1	1	1	3
6.2	Буллингтің профилактикасы бойынша жұмыстың тиімділігін талдау	1	1	1	3
6.3	Педагогтің кәсіби рефлексиясы және тәжірибені жетілдіру	1	1	1	3
	<b>Барлығы</b>	<b>23</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>72</b>

#### 40 академиялық сағатқа арналған оқу-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыптары	Теория	Практика	Өзіндік жұмыс	Барлығы
<b>1</b>	<b>1-модуль. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасының нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері</b>				<b>5</b>
1.1	Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасының нормативтік-құқықтық негіздері	1	1	0	2
1.2	Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың мемлекеттік саясаты және негізгі қағидаттары	1	1	1	3
<b>2</b>	<b>2-модуль. Буллингтің психологиялық-педагогикалық негіздері және ерте профилактикасы</b>				<b>7</b>
2.1	Буллингтің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, түрлері және себептері	1	1	1	3
2.2	Буллингтің тәуекел факторлары және ерте профилактикасы	1	1	1	3
2.3	Кибербуллинг және цифрлық қауіпсіздік	1	0	0	1
<b>3</b>	<b>3-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудың педагогикалық технологиялары</b>				<b>10</b>
3.1	Қауіпсіз білім беру ортасының педагогикалық негіздері	1	1	1	3
3.2	Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту және қауіпсіз мектеп мәдениеті	1	1	1	3
3.3	Сыныптағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру	1	1	1	3

3.4	Инклюзивті білім беру жағдайында қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру	1	0	0	1
<b>4</b>	<b>4-модуль. Буллингтің алдын алу және педагогтің әрекет ету алгоритмдері</b>				<b>8</b>
4.1	Буллинг жағдайларын анықтау және бағалау	1	1	1	3
4.2	Буллинг жағдайында педагогтің әрекет ету алгоритмі	1	1	1	3
4.3	Білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету	1	1	0	2
<b>5</b>	<b>5-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастырудағы серіктестік және мектептің антибуллингтік мәдениеті</b>				<b>5</b>
5.1	Ата-аналармен және мектеп қауымдастығымен серіктестік	1	1	1	3
5.2	Мектептің антибуллингтік мәдениетін қалыптастыру	1	1	0	2
<b>6</b>	<b>6-модуль. Қауіпсіз білім беру ортасының мониторингі, бағалау және тұрақты дамыту</b>				<b>5</b>
6.1	Қауіпсіз білім беру ортасының мониторингі және бағалау	1	1	1	3
6.2	Курс бойынша қорытынды рефлексия және тәжірибені жинақтау	1	1	0	2
	<b>Барлығы</b>	<b>18</b>	<b>16</b>	<b>6</b>	<b>40</b>

## 6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

Оқу үдерісі тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған теориялық және практикалық оқытудың өзара байланысы негізінде ұйымдастырылады. Бағдарлама педагогтердің кәсіби қызметінде қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға және баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасын тиімді ұйымдастыруға қажетті білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын дамытуға бағытталған.

Бағдарлама 40, 72 және 80 академиялық сағат көлемінде іске асырылады. Курстарды өткізу күндізгі, қашықтықтан немесе аралас оқыту форматында ұйымдастырылады. Қашықтықтан және аралас оқыту кезінде LMS платформалары, бейнедәрістер, цифрлық оқу материалдары, интерактивті тапсырмалар және онлайн-коммуникация құралдары пайдаланылады.

Оқу үдерісі дәрістерді, практикалық сабақтарды, тренингтерді, топтық жұмыстарды, кейс-талдауларды, жағдаяттық тапсырмаларды, пікірталастарды, рөлдік ойындарды және өзіндік жұмыстарды қамтиды. Практикалық сабақтар педагогтердің кәсіби тәжірибесін жетілдіруге, нақты педагогикалық жағдаяттарды талдауға және білім беру ұйымында қолдануға болатын әдістемелік өнімдер әзірлеуге бағытталады.

Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы нормативтік-құқықтық құжаттарды зерделеуді, ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасауды, практикалық тапсырмаларды орындауды, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеуді, педагогикалық жағдаяттарды талдауды және қорытынды жұмысқа дайындықты қамтиды.

Оқыту барысында білім берудің белсенді және интерактивті әдістері кеңінен қолданылады. Олар педагогтердің кәсіби тәжірибесін жетілдіруге, өзара тәжірибе алмасуына және практикалық мәселелерді бірлесіп шешуге мүмкіндік береді. Оқытуда төмендегі әдістер пайдаланылады:

- интерактивті дәрістер;
- практикалық сабақтар;
- тренингтер;
- кейс-стади;
- жағдаяттық тапсырмалар;
- топтық және жұптық жұмыстар;
- рөлдік ойындар;
- пікірталастар;
- жобалау әдісі;
- рефлексия және өзін-өзі бағалау.

Бағдарлама барысында әрбір модуль бойынша тыңдаушылар практикалық тапсырмаларды орындайды және оларды кәсіби қызметінде қолдануға арналған әдістемелік өнімдер әзірлейді. Практикалық жұмыстардың нәтижесінде қауіпсіз білім беру ортасын бағалау құралдары, буллингтің профилактикасы бойынша іс-қимыл алгоритмдері, сынып сағаттарының жоспарлары, ата-аналарға арналған ұсынымдар, мектептің антибуллингтік саясатының жобалары және басқа да әдістемелік материалдар дайындалады.

Курсты қорытындылау тыңдаушылардың оқу нәтижелерін бағалау арқылы жүзеге асырылады. Қорытынды бағалау тестілеу немесе практикалық-бағдарланған жобаны қорғау түрінде өткізіледі. Қорытынды жоба білім беру ұйымында қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға және буллингтің профилактикасын жетілдіруге бағытталған нақты әдістемелік немесе практикалық өнімді қамтиды.

Оқу үдерісін ұйымдастыру барысында тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін ескеру, белсенді қатысуын қамтамасыз ету, тәжірибе алмасуға жағдай жасау және

оқыту нәтижелерін педагогикалық практикаға енгізуге бағытталған үздіксіз кері байланыс қағидаттары сақталады.

## 7. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету педагогтердің буллингтің профилактикасы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған оқу, әдістемелік және ақпараттық ресурстар кешенін қамтиды.

Бағдарламаны іске асыру барысында тыңдаушыларға оқу бағдарламасы, оқу-тақырыптық жоспар, дәріс материалдары, презентациялар, нормативтік-құқықтық құжаттар жинағы, әдістемелік ұсынымдар, практикалық тапсырмалар, кейстер, диагностикалық құралдар, бағалау материалдары және өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар ұсынылады.

Оқыту мазмұны педагогтердің кәсіби тәжірибесіне бағытталған белсенді оқыту технологияларын қолдануға негізделеді. Теориялық материалдар практикалық тапсырмалармен, жағдаяттық кейстермен және нақты педагогикалық тәжірибемен ұштастырылады. Бұл педагогтердің алған білімдерін күнделікті кәсіби қызметінде тиімді қолдануына мүмкіндік береді.

Бағдарламаны жүзеге асыру барысында келесі оқу-әдістемелік материалдар пайдаланылады:

<b>Оқу-әдістемелік материалдар</b>	<b>Мақсаты</b>
Нормативтік-құқықтық құжаттар жинағы	Буллингтің профилактикасы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша заңнамалық талаптарды меңгерту
Дәрістер жинағы	Бағдарламаның теориялық мазмұнын жүйелі меңгеруді қамтамасыз ету
Презентациялық материалдар	Теориялық материалды көрнекі түрде түсіндіру
Практикалық тапсырмалар	Теориялық білімді тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру
Педагогикалық кейстер	Нақты педагогикалық жағдаяттарды талдау және шешім қабылдау құзыреттілігін дамыту
Буллингтің алдын алу бойынша іс-қимыл алгоритмдері	Педагогтердің кәсіби әрекеттерін жүйелеу
Қауіпсіз білім беру ортасын бағалау чек-парақтары	Білім беру ұйымындағы қауіпсіздік деңгейін анықтау және мониторинг жүргізу
Сынып сағаттарының үлгі жоспарлары	Профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыруға әдістемелік қолдау көрсету

Ата-аналарға арналған әдістемелік ұсынымдар	Мектеп пен отбасы арасындағы серіктестікті нығайту
Өзіндік жұмыс тапсырмалары	Тыңдаушылардың кәсіби ізденісі мен өзіндік білім алуын ұйымдастыру
Қорытынды жобаға арналған әдістемелік нұсқаулық	Практикалық жұмысты әзірлеу және қорғауға бағыт беру

Бағдарламаны іске асыру барысында цифрлық білім беру ресурстары кеңінен қолданылады. Қашықтықтан және аралас оқыту форматында LMS платформалары, бейнедәрістер, интерактивті тапсырмалар, онлайн-тесттер, форумдар және электрондық оқу материалдары пайдаланылады.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету педагогтердің кәсіби тәжірибесін жетілдіруге, өзара тәжірибе алмасуына, кәсіби рефлексия жасауына және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша тиімді педагогикалық тәжірибелерді білім беру ұйымдарының практикасына енгізуге бағытталған.

Бағдарлама аясында әзірленетін практикалық материалдар мен әдістемелік өнімдер тыңдаушылардың кәсіби портфолиосының құрамдас бөлігі болып табылады және оларды білім беру ұйымының күнделікті тәжірибесінде қолдануға мүмкіндік береді.

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

Оқу нәтижелерін бағалау бағдарламаның күтілетін нәтижелеріне сәйкестігін, педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін және алған білімдерін практикалық қызметте қолдану қабілетін анықтауға бағытталған. Бағалау үдерісі ашықтық, объективтілік, тәжірибеге бағдарлану, академиялық адалдық және этикалық қағидаттар негізінде ұйымдастырылады.

Бағалау жүйесі кіріс диагностикасынан, ағымдағы бақылаудан, қалыптастырушы кері байланыстан, қорытынды бағалаудан және курстан кейінгі рефлексиядан тұрады.

Бағалау түрлері

Бағалау түрі	Мазмұны	Бағалау құралдары
<b>Кіріс диагностикасы</b>	Тыңдаушылардың буллингтің профилактикасы, қауіпсіз білім беру ортасы, нормативтік-құқықтық талаптар және педагогтің әрекет ету алгоритмі туралы бастапқы білім деңгейін анықтау.	Онлайн тест, өзін-өзі бағалау парағы, жағдаяттық тапсырма.

<b>Ағымдағы бақылау</b>	Әрбір модуль бойынша оқу нәтижелерін, практикалық тапсырмаларды орындау сапасын және кәсіби құзыреттердің қалыптасу деңгейін бағалау.	Кейстер, практикалық тапсырмалар, чек-парақтар, топтық жұмыстар, пікірталастар.
<b>Қалыптастырушы кері байланыс</b>	Тыңдаушылардың кәсіби әрекеттерін жетілдіруге бағытталған ұсынымдар беру және оқу барысында анықталған олқылықтарды түзету.	Тренердің кері байланысы, өзара бағалау, өзін-өзі бағалау, рефлексиялық тапсырмалар.
<b>Қорытынды бағалау</b>	Қорытынды практикалық жұмысты қорғау және тестілеу арқылы бағдарламаны меңгеру деңгейін кешенді бағалау.	Жоба, презентация, тестілеу, сұрақтарға жауап беру, бағалау рубрикасы.
<b>Курстан кейінгі рефлексия</b>	Бағдарлама нәтижелерін білім беру ұйымының тәжірибесіне енгізу деңгейін бағалау және кәсіби дамуды жоспарлау.	Жеке іс-қимыл жоспары, кәсіби портфолио, рефлексиялық есеп, кәсіби қоғамдастық жұмысына қатысу.

### **Қорытынды практикалық жұмыс**

Қорытынды бағалау шеңберінде тыңдаушылар «Білім беру ұйымында баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша кешенді іс-қимыл жоспарын» немесе «Мектептің антибуллингтік саясатының жобасын» әзірлеп, қорғайды.

Практикалық жұмыс нақты білім беру ұйымының ерекшеліктерін ескере отырып әзірленеді және бағдарламаны меңгеру барысында қалыптасқан кәсіби құзыреттерді көрсетеді.

### **Қорытынды жобаны бағалау критерийлері**

<b>Критерий</b>	<b>Жоғары деңгей</b>	<b>Жеткілікті деңгей</b>	<b>Жетілдіруді қажет етеді</b>
<b>Нормативтік сәйкестік</b>	Жоба қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге толық сәйкес әзірленген, жауапты тұлғалар	Негізгі нормативтік талаптар сақталған, жекелеген толықтырулар	Нормативтік талаптар толық сақталмаған, жоба құрылымында елеулі кемшіліктер бар.

	мен іске асыру мерзімдері нақты айқындалған.	мен нақтылаулар қажет.	
<b>Психологиялық-педагогикалық негізділігі</b>	Буллингтің себептері, тәуекел факторлары, алдын алу және әрекет ету шаралары ғылыми және психологиялық-педагогикалық тұрғыдан толық негізделген.	Негізгі психологиялық-педагогикалық мәселелер қамтылған, бірақ талдау жеткілікті деңгейде ашылмаған.	Ұсынылған шаралардың психологиялық-педагогикалық негіздемесі әлсіз немесе жеткіліксіз.
<b>Инклюзивтілік</b>	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың қажеттіліктері толық ескерілген, кемсітушіліктің алдын алу шаралары нақты көрсетілген.	Инклюзивті тәсілдер қарастырылған, бірақ оларды қолдану тетіктері толық ашылмаған.	Инклюзивті компонент жеткіліксіз қамтылған немесе мүлде қарастырылмаған.
<b>Практикалық құндылығы</b>	Жоба білім беру ұйымының тәжірибесінде бірден қолдануға дайын, нақты құралдар мен іс-шаралар ұсынылған.	Жоба практикалық тұрғыдан құнды, алайда оны іске асыру үшін қосымша толықтырулар қажет.	Ұсынылған материалдардың практикалық қолданылуы шектеулі немесе нақты емес.
<b>Мониторинг және бағалау</b>	Жобада нәтижелілікті бағалау критерийлері, индикаторлар және мониторинг жүргізу құралдары толық ұсынылған.	Мониторинг және бағалау элементтері қарастырылған, бірақ жеткілікті деңгейде нақтыланбаған.	Мониторинг пен бағалау тәсілдері көрсетілмеген немесе жүйесіз берілген.
<b>Цифрлық қауіпсіздік</b>	Кибербуллингтің алдын алу, цифрлық қауіпсіздік және	Цифрлық қауіпсіздік мәселелері қарастырылған,	Кибербуллингтің алдын алу және цифрлық қауіпсіздік

	білім алушылардың интернеттегі қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру шаралары толық қамтылған.	бірақ алдын алу шаралары толық ашылмаған.	мәселелері ескерілмеген.
<b>Этикалық талаптардың сақталуы</b>	Баланың құқықтарын қорғау, құпиялылық, қауіпсіздік және педагогикалық әдеп қағидаттары толық сақталған.	Этикалық талаптардың негізгі бөлігі сақталған, жекелеген тұстарын нақтылау қажет.	Этикалық талаптардың бұзылу қаупі бар немесе баланың құқықтарын қорғау мәселелері жеткіліксіз қарастырылған.

### Қорытынды практикалық жұмысты бағалау шкаласы

Деңгейі	Бағалау нәтижесі
<b>Жоғары деңгей</b>	<b>90–100 балл</b> – қорытынды жоба бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді, мазмұны ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделген, практикалық қолдануға дайын және барлық бағалау критерийлері жоғары деңгейде орындалған.
<b>Жеткілікті деңгей</b>	<b>70–89 балл</b> – қорытынды жоба негізгі талаптарға сәйкес әзірленген, практикалық құндылығы бар, алайда жекелеген бөлімдерін нақтылау немесе толықтыру қажет.
<b>Базалық деңгей</b>	<b>50–69 балл</b> – қорытынды жобада бағдарламаның негізгі талаптары ішінара орындалған, бірақ мазмұнында, құрылымында немесе практикалық қолданылуында елеулі толықтыруларды қажет ететін тұстар бар.
<b>Жетілдіруді қажет етеді</b>	<b>50 балдан төмен</b> – қорытынды жоба бағдарламаның негізгі талаптарына сәйкес келмейді, бағалау критерийлерінің басым бөлігі орындалмаған және жоба елеулі қайта өңдеуді талап етеді.

#### Қайта аттестаттау тәртібі

Қайта аттестаттауға тыңдаушы дәлелді себептермен қорытынды бағалауға қатыса алмаған, техникалық ақаулар орын алған немесе қорытынды практикалық жұмысты жетілдіру қажеттілігі туындаған жағдайда жіберіледі.

Қайта аттестаттау ұйымның ішкі қағидаларына сәйкес жүргізіледі. Тыңдаушыға қорытынды жобаны толықтыруға, тестілеуді қайта тапсыруға немесе кәсіби шешімдерінің негіздемесін ұсынуға мүмкіндік беріледі.

Мұндай тәсіл бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ете отырып, педагогтің кәсіби құзыреттіліктеріндегі анықталған олқылықтарды жоюға және оқу нәтижелерін толық меңгергенін растауға мүмкіндік береді.

## 9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Курстан кейінгі сүйемелдеу біліктілікті арттырудың тиімді бағдарламасының ажырамас бөлігі болып табылады және тыңдаушылардың кәсіби қызметінде алынған білімдер мен дағдылардың тұрақтылығын және практикада іске асырылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған кезең кәсіби белсенділікті қолдауға, педагогикалық бастамаларды дамытуға, тәжірибе алмасуға және курс барысында меңгерілген нәтижелерді нақты педагогикалық практикаға енгізуге бағдарланған.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің негізгі элементтері:

Курстан кейінгі сүйемелдеудің мақсаттары:			
жаңа білімдер мен құралдарды іске асыруда әдістемелік қолдауды қамтамасыз ету;	кәсіби қарым-қатынасты және тәжірибе алмасуды жалғастыру үшін жағдай жасау;	консультация беру, супервизия жүргізу және сараптамалық кері байланыс алу мүмкіндіктерін ұсыну;	педагогтің кәсіби практикасына өзін-өзі дамыту және өзін-өзі талдау элементтерін енгізуге ықпал ету.
Курстан кейінгі сүйемелдеудің форматтары:			
Жеке әдістемелік консультация беру:	онлайн-байланыс арқылы (электрондық пошта, мессенджерлер, LMS платформалары); тыңдаушының педагогикалық әзірлемелерін енгізу бойынша сараптамалық ұсынымдар беру.		
Курстан кейінгі вебинарлар және әдістемелік шеберханалар:	курс аяқталғаннан кейін 1–2 ай өткен соң тақырыптық онлайн-кездесулер өткізу; тыңдаушылар ұсынған табысты енгізу кейстерін талдау; практикада білімді қолдану барысында туындаған күрделі сұрақтарға жауап беру.		
Кәсіби қарым-қатынас форумы/тобы:	кәсіби чатқа немесе онлайн-топқа қолжетімділік (Telegram, WhatsApp, Google топтары); үлгілермен, құжаттармен, сұраныстармен және шешімдермен алмасу;		

	көлденең тәлімгерлікті (peer-to-peer қолдау) ынталандыру.
Онлайн-кітапхана және әдістемелік банк:	курс оқу материалдарына тұрақты қолжетімділік; нормативтік базаны, үлгілерді және нұсқаулықтарды жүйелі түрде жаңарту; жаңа әдебиеттерге, жарияланымдарға және іс-шараларға ұсынымдар беру.
Қорытынды енгізуге ерікті супервизия:	жеке бағдарламаларды диагностикалау және рефлексиялау үдерісіне ерікті түрде қатысуға шақыру; жеке білім беру маршруттарын енгізуді сүйемелдеу; орталық әдіскерлерімен бірлесіп педагогикалық әсерлерді талдау.
Сүйемелдеу әдістері:	
жеке сұраныстарға жауап беру;	практиканы және алынған нәтижелерді талдау;
сауалнамалар, күнделіктер және талқылаулар;	кейстерді топтық түрде шешу, материалдарды бірлесіп жетілдіру.
Ұзақтығы мен форматы:	курстар аяқталғаннан кейін 12 айға дейін; қашықтан форматта, икемді кесте бойынша; тыңдаушының қалауы бойынша немесе әдіскердің шақыруымен.
Курстан кейінгі сүйемелдеудің нәтижелері:	педагогтің алған білімдерін іске асырудағы сенімділігінің артуы;
	жеке білім беру бағдарламалары (ЖББ) шеңберінде құжаттаманың дұрыс нысандарын практикаға белсенді енгізу;
	кәсіби қауымдастыққа тартылу деңгейінің және әдістемелік белсенділіктің өсуі;
	рефлексияның қалыптасуы, бастамалардың пайда болуы және әрі қарай оқуға дайындықтың артуы.

### 10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы. ИПС «Әділет» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319>
2. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345-II «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы. «Әділет»: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>

3. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы»: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020567>

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтің курстан кейінгі қызметін сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы».: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013420>

6. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығы «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы».

7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі міндетін атқарушының 2024 жылғы 25 шілдедегі №192 бұйрығы «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы №506 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031180>

8. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы». <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400034817>

9. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы». <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы». <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329>

11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығы «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қағидаларын бекіту туралы». <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618>

12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы №1143 қаулысы «Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясат тұжырымдамасын (2025–2030 жылдарға арналған) бекіту туралы». <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>

13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №748 қаулысы «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы». <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400001143>

14. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы.: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000748>

#### Қосымша әдебиеттер

1. Cosma, A., Molcho, M., Pickett, W. (2024). A focus on adolescent peer violence and bullying in Europe, central Asia and Canada. HBSC international report from the 2021/2022 survey. WHO Regional Office for Europe. [https://www.who.int/europe/initiatives/health-behaviour-in-school-aged-children-\(hbsc\)-study](https://www.who.int/europe/initiatives/health-behaviour-in-school-aged-children-(hbsc)-study)
2. WHO Regional Office for Europe. (2024). One in six school-aged children experiences cyberbullying, finds new WHO Europe study. <https://www.who.int/europe/news/item/27-03-2024-one-in-six-school-aged-children-experiences-cyberbullying--finds-new-who-europe-study>
3. Gaffney, H., Farrington, D.P., Ttofi, M.M. (2021). Effectiveness of school-based programs to reduce bullying perpetration and victimization: An updated systematic review and meta-analysis. Campbell Systematic Reviews. <https://doi.org/10.1002/cl2.1143>
4. Gaffney, H., Ttofi, M.M., Farrington, D.P. (2021). What works in anti-bullying programs? Analysis of effective intervention components. Journal of School Psychology / University of Cambridge repository. <https://www.repository.cam.ac.uk/items/13a4a458-7b27-4b3b-b995-245909041cbc>
5. UNESCO. (2026). Safe learning environments. <https://www.unesco.org/en/health-education/safe-learning-environments>
6. UNESCO. (2024). Violence and bullying in schools: UNESCO calls for better protection of students. <https://www.unesco.org/en/articles/violence-and-bullying-schools-unesco-calls-better-protection-students>
7. UNESCO. (2019). Behind the numbers: ending school violence and bullying. <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000366483>
8. UNICEF. Cyberbullying: What is it and how to stop it. <https://www.unicef.org/stories/how-to-stop-cyberbullying>
9. UNICEF Kazakhstan. How to protect yourself from cyberbullying? <https://www.unicef.org/kazakhstan/en/how-protect-yourself-cyberbullying>
10. Education Endowment Foundation. (2023-2024). United Against Bullying Plus pilot: evidence rationale. <https://educationendowmentfoundation.org.uk/projects-and-evaluation/projects/united-against-bullying-plus-2023-24-pilot>
11. NSW Department of Education. (2025). Anti-bullying interventions in schools - what works? <https://education.nsw.gov.au/>
12. НАО «ННПИБД «Өркен». (2026). В организациях образования продолжается реализация программы профилактики травли «ДосболLIKE».

<https://orken-instituty.kz/ru/media/525/v-organizaciyah-obrazovaniya-prodolzhaetsya-realizaciya-programmy-profilaktiki-travli-dosbollike>

13. CAST. Universal Design for Learning Guidelines. <https://udlguidelines.cast.org/>

14. OECD. (2023-2025). Social and emotional skills, student well-being and school climate materials. <https://www.oecd.org/education/>

15. National Academies of Sciences, Engineering, and Medicine. (2016). Preventing Bullying Through Science, Policy, and Practice. Washington, DC: The National Academies Press. <https://doi.org/10.17226/23482>